
ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ

**РЕЗИДЕНТТІҢ
АНЫҚТАМАЛЫҚ – ЖОЛ СІЛТЕГІШІ**



Шымкент



Құрметті Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенті!

Сізді Түркі әлемінің және Қазақстан мемлекетінің ішінде ең алғашқы Халықаралық мәртебеге ие болған жоғары оқу орны – Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенті атануыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Ахмет Ясауи университеті – түркі әлемі жастарының басын біріктірген ортақ оқу ордасы.

Сіз әлемдік деңгейде сапалы білім аласыз, білім мен ғылым әлеміне қадам басып, біліміңізді ұштап, тұрақты өсуге мүмкіндіктеріңіз ашылады.

Ахмет Ясауи университетін бітірген түлектер тек Қазақстанда ғана емес, әлемнің түкпір түкпірінде қызмет жасауда. Қазақстанның жарқын болашағы білімді жастардың, сіздің қолыңызда!

***Ізгі ниетпен,
университет президенті Ж.А. Темірбекова***

МАЗМҰНЫ

Университет әкімшілігі	4
Университеттің қысқаша сипаттамасы	5
Жоғары оқу орнанан кейінгі медициналық білім беру факультеті	11
2024-2025 оқу жылына арналған академиялық күнтізбе	15
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің академиялық саясаты	16
2024-2025 оқу жылы университетте келісім шарт негізінде білім алушыларға арналған жеңілдіктер мен шегерімдер жүйесі	24
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Бірыңғай автоматтандырылған» жүйесі	27
Студенттік өмір	28

УНИВЕРСИТЕТ ӘКІМШІЛІГІ

Қызметі	Аты-жөні	Қабылдау телефоны
Ректор	Темірбекова Жанар Амангелдіқызы	6-38-48
Ректор өкілі	Нажи Генч	6-36-01
Академиялық мәселелер вице- ректоры	Идрисова Эльмира Қайсарбекқызы	6-35-77
Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры	Ошибаева Айнаш Есімбекқызы	3-63-51
Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры	Мустафа Гиритлиоглу	6-36-36
Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры	Төлегенов Еділ Мейірбекұлы	6-10-67

УНИВЕРСИТЕТТІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ



«Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті туысқан екі халық арасындағы байланысты нығайтып қана қоймайды, ол белді ғылым шаңырақтарының қатарына қосылады».

Н.Ә.Назарбаев
Қазақстан Республикасының
Президенті

«Ұлы ойшыл бабамыз Қожа Ахмет Ясауиге топырағы бұйырған қасиетті ата қонысымыз – Түркістанда шаңырақ көтерген бұл университет әлемдегі ең озық ғылым мен білім ордаларының біріне айналатынына кәміл сенемін».

Сүлейман Демирел
Түркия Республикасының экс-
Президенті

Бүкіл Түркі дүниесіне киелі жерде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен ашылған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті 1991 жылы 6 маусымда Түркістан Мемлекеттік университеті болып құрылды. 1992 жылғы 31 қазанда Анкарада Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы Үкіметтері арасында осы оқу орнын «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті етіп қайта құру туралы» келісімге қол қойылды. Туысқан екі ел қазақ-түрік бауырластығы негізінде құрылған білім ордасы– түркі



тілдес мемлекеттер арасында ең алғаш халықаралық мәртебеге ие бірден-бір оқу орны. Мұнда әлемнің 29 түркі жұрағаты тұратын елдерден келген жастар білім алуда.

Университетке алғаш небәрі 332 студент оқуға қабылданған болса, қазіргі таңда 54 бакалавриат, 30 магистратура, 3 резидентура, 5 интернатура және 11 докторантура бағдарламалары бойынша әлемнің 16 мемлекетінен келген жалпы саны 10 000-ға жуық білімгер күндізгі, сыртқы, ұзақтан оқыту

бөлімдерінде білім алады, түркі тілдес елдерден –1200-ден астам білімгер оқиды. Осы уақытқа дейін халықаралық статусына ие университет мыңдаған бітірушілерге сапалы білім мен өнегелі тәрбие беріп, еліміздің білікті мамандарының көбеюіне үлкен үлес қосты. Бүгінде кең байтақ Отанымыздың кез келген түкпірінен осы оқу орнының ұстаздық, қоғамдық және мемлекеттік қызметті абыроймен атқарып жүрген түлектерін көптеп кездестіруге болады.

Оқу қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Түркияның алдыңғы қатарындағы университеттерімен (Хажеттепе, Гази, Эржиес, Стамбул, т.б.) екі жақты келісімшарт жасалып, осыған сәйкес университет студенттері 1 оқу жылына немесе 1 семестр бойы түрік, ағылшын тілдерінде Түркияда білім алады.



Білім ордасы Қазақстан мен Түркия Республикалары тарапынан құрылған 10 мүшеден тұратын Үкіметаралық Өкілетті Кеңес арқылы басқарылады. 2012 жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің қызметшарттары туралы келісімі және 2009 жылғы 22 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық

қазақ-түрік университеті қызметінің шарттары туралы келісімге» өзгеріс енгізу туралы хаттама ратификацияланды және Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Өкімімен бекітілді.

2012 жылдың 24 мамыр күні Астана қаласында ресми сапары кезінде Түркия Премьер-Министрі Режеп Тайып Ердоган мырза университетіміздің үздік түлектеріне дипломдарын тапсырды.

Университеттің тағы бір ерекшелігі - Қазақстан, Түркия және түркі тектес халықтардың талантты жастарына бір шаңырақ астында заманталабына сай әлемдегі алғашқы қалыптасқан халықаралық қазақ-түрік оқу стандартын түзетіп білім беру. Сонымен қатар, университетте оқитын барлық түркі халықтарының студенттерін қазақ халқына достық және бауырмашылдық өшпес сезімге баулу, әлемдегі шет мемлекеттер мен түркі тектес қауымдастықтардан келген жастарға және оралмандарға тегін білім беру қызметін ұйымдастыру болып табылады.

Университетіміз 2009 жылы TIS халықаралық түрік компаниясынан қайта сертификациялаудан сәтті өтіп, ISO 9001:2008 халықаралық стандартына сәйкес сапа менеджменті жүйесі сертификатына ие болды.

Университет Болон декларациясына қосылу туралы Меморандумға, Тараз Декларациясына 2007 жылы қол қойды және 2010 жылдың қыркүйек айынан Болон Декларациясының негізі болып табылатын университеттердің Ұлы Хартиясының мүшесі.

«Қазақстан Республикасының білім беру сапасын қамсыздандыру жөніндегі тәуелсіз агенттігінің» ұйымдастыруымен ЖОО-ның бакалавриат бағдарламалары бойынша рейтингісіне қатысып, университеттің бірқатар бағдарламалары жоғары орындарға ие болды.

Білім беру процесінде қазіргі заманға сай компьютерлік, ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы ең озық оқу әдістері пайдаланылуда. On-line режимде лекция оқуға арналған видеоконференцзалда Түркия Республикасының Анкара, Стамбул университеттерінің оқытушы-профессорлары on-line режимде дәрістер оқиды. Оқу орны зертханалық құрал-жабдықтар орналасқан заманауи мамандандырылған зертханаларды, оқу кабинеттерін, оқу процесін жеделдетуге және ғылыми зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін макеттерді оқу үрдісінде қолданады.

Университетіміздің ақпараттық технологиялар инфрақұрылымының жұмыс жасау сапасын арттыру мақсатында Интернет желісінің жылдамдығы **370МБит/секундқа** көтерілді, барлық оқу ғимараттары талшықты-оптикалық байланыс желісіне қосылды.

2012-2013 оқу жылында «Медициналық білім беру орталығы» құрылды. Мұндай орталық басқа ешбір жоғары оқу орнында болмаған. Жаңа медицина ғимаратында

«Объективті құрылымдық клиникалық емтихан қабылдау» орталығы жабдықталды.



Ахмет Ясауи университеті құрамына дайындық, тіл үйрету орталығы (үкіметаралық келісімшартқа сәйкес жыл сайын түркі тілдес елдерден 200 тыңдаушы); 11 факультет, 150 орынға арналған медициналық клиникалық орталық, көпсалалы медициналық клиника, медициналық оқу- клиникалық база; Анкарада ұзақтан оқыту факультеті (TURTEP), Ахмет Ясауи кәсіби колледжі; арнайы мамандандыру орталығы; ғылыми-зерттеу және оқу- зерттеу зертханалары; университет қалашығы (300

га), оның ішіне ботаникалық бақ (100 гектар) кіреді. Кітапхананың жалпы қоры 1 млн.-ға жуық кітапты құрайды.

Академиялық ұтқырлық бөлімі.

Қазіргі таңда студенттеріміз Америка, Европа, Азия университеттеріне барып, білім алып келуде. Оған қоса ОПҚ қызметкерлері де көптеген әлемде болып жатқан ғылыми конференцияларға қатысып, біліктілігін арттыруда. Жыл сайын студенттеріміз Мәулана академиялық ауысу бағдарламасы бойынша Түркия мемлекетінің Гази, Хажеттепе, Муғла, Эрджиес, Ататүрік, Балкесир, Стамбул, Майыс, Йылдырым Бейазит, Сакария, Ыстамбул, Реджеп Таип Ердоған, Эрбакан, Думлупынар, Джумхуриет, Дүздже және Акдениз университеттерінде бір семестр көлемінде білім алуда. Университеттің студенттері мен түлектері ЖОО-ның мәртебесіне және халықаралық келісімшарттарға сәйкес бакалавриатта, магистратурада және докторантурада Түркияның алдыңғы қатардағы университеттерінде өз білімін жалғастыруда.

Ғылыми қызметі. Университетте Экология ғылыми-зерттеу институты, Түркология ғылыми-зерттеу институты, Археология ғылыми-зерттеу орталығы жұмыс істейді. Университет ғалымдары Халықаралық Темпус және басқа бағдарламалары бойынша жобаларға қатысып, жетекшілік етуде және ғылым саласындағы гранттар бойынша нәтижелі жұмыстарын жалғастырып жатыр. Студенттердің тұрақты ғылыми- зерттеу жұмыстарымен айналысуына барлық жағдайлар жасалған. Сонымен қатар, студенттердің республикалық ғылыми жобалар конкурстары мен пәндік олимпиадаларында жеңімпаздар мен жүлдегерлер саны жыл сайын артуда.

Мәдени және әлеуметтік сала.

Университетте «Шаңырақ» студенттік клубтар басқармасы жұмыс атқарады. Оның құрамында Халықаралық қазақ-түрік университеті студенттерінің ынтымағын арттыру және достық байланыстағы іс-шараларға қолдау көрсету және студенттердің әр түрлі саладағы қызығушылықтарына қолдау көрсету мақсатында 27 клуб ашылып, жұмыс жасайды. Клубтардың жұмыстарына, қажеттіліктеріне Өкілетті Кеңес тарапынан материалдық және басқа да қолдау көрсетіледі. 29 ұлт пен ұлыстың өкілдерінен құралған

«Достық» би композициясы университеттің мақтанышының бірі.

Тәрбие кеңесі, Мәдениет орталығы мен Продюсерлік орталық, Спортклуб, Жастар ұйымы мен Студенттік ректорат және «Шаңырақ» студенттік клубтардың координациялық басқармасы сынды құрылымдар халықаралық, республикалық, облыстық және қала мен университет деңгейінде жүргізілетін қоғамдық-мәдени жұмыстарға студенттердің көптеп тартылуын, салауатты өмір салтына сай спорттық шараларға араласуы мен әртүрлі үйірмелерге белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, университет базасында 2005 жылы негізі қаланған Б.Саттарханов атындағы республикалық «НАМЫС» жастар қоғамдық бірлестігі – студент жастарға отаншылдық рухта тәрбие беруге жемісті атсалысуда.



Халықаралық қатынастар бөлімі университеттің халықаралық байланысын кеңейту мақсатында шетел жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу орталықтары, білім беру қорларымен екі жақты және көпжақты байланыс орнату үшін халықаралық саясатын жүргізеді. Қазіргі таңда университетіміздің білім және ғылым саласында 35 шетел университеттерімен келісім-шарттары бар. Осы ынтымақтастықтың аясында Ұлыбритания, Түркия, Қытай,

Мысыр, Ресей, Польша, Өзбекстан елдерінің ғылыми-зерттеу орталықтары, университеттерімен мамандар даярлау, ғылыми-педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және т.б. бағыттарда жұмыстар жүзеге асырылуда. Оқу ордамызда білім алып жатқан жастарға Түркия, Өзбекстан, Мысыр елінен келіп елуге жақын шетелдік оқытушы- профессорлар дәріс береді. Халықаралық ғылым мен білімді жетілдіру мақсатында Еуропалық елдердің ЖОО-ның құрған Трансеуропалық мобильді ТЕМПУС бағдарламасы аясында жарияланған конкурстық жобаларға университет ғалымдарын қатыстыру жұмыстарын тиянақты жүргізеді. 2012- 2013 оқу жылында оқу ордамыздың ғалымдары Темпус IV бағдарламасы бойынша жобаны ұтып алды, жобаның координаторы Мидлсекс университеті (Англия), ал мүшелері Лейпциг университеті (Германия), Валенция университеті (Испания), Кипр университеті (Кипр) және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Әль-Фараби атындағы ҚазҰМУ-і, Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік университеті.

Халықаралық білім-ғылым ұйымдарына мүшелілігі:

- Университеттердің еуразиялық ассоциациясы (EUA);
- Университеттердің Ұлы хартиясы (Magna Charta Universitatum);
- Қашықтықтан оқытудың ғаламдық университеттер ассоциациясы (GUIDE);
- Университет ректорларының халықаралық ассоциациясы;
- Еуропалық Одақ және АҚШ елдерінің елшіліктері.



Ғылыми басылымдары:

- «Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің хабаршысы» кезеңдік ғылыми журналы;
- «Қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар»
- «Жаратылыстану ғылымдары» серияларында;
- «Түркология» Халықаралық ғылыми журналы;
- «Jelmaya» (Анкара) Халықаралық ғылыми журналы;
- «Ayhaber» (Анкара) Халықаралық ғылыми журналы.
- «Bilig» (Анкара) Халықаралық ғылыми журналы;



Жұмысқа орналастыру. Университетте «Бітірушілерді жұмыспен қамту және маркетинг» бөлімі – студенттерге және түлектерге табысты мансап құруға, кәсіби өсуіне және дамуына ақпараттық-кеңес көмегін көрсететін құрылым. Бітірушілерді жұмыспен қамту және маркетинг бөлімінің міндеті - еңбек нарығындағы бос жұмыс орындарын анықтап, университет бітіруші түлектерін жұмысқа орналастыру механизмін қарастырады. Бітірушілердің жұмысқа орналасуына ықпал ету, кәсіби дамуы мен мансаптық (карьералық) өсуіне көмек көрсету, бағыт беру, бақылап отыру қызметтерін атқарады. Университет студенттерін түрлі компаниялардың мақсатымен, қызмет түрлерімен таныстыру және жұмыс берушілердің қанағаттану деңгейін білу үшін талдау жұмыстарын жүргізіп отырады. ҚР БжҒМ, ДСМ, Облыстық білім, Денсаулықсақтау басқармаларымен қатар, басқа да ЖОО-мен тығыз байланыс орнатып, бітірушілерді жұмысқа орналастырудың алдын ала шараларын ұйымдастырады. Студенттердің түрлі мекеме, компаниялардың вакансиялары бойынша карьералық өсу мүмкіндіктері туралы ақпараттармен қамтамасыз етеді. Жұмысқа орналасуда студенттер мен бітірушілерге психологиялық кеңестер береді. Мамандық шығарушы кафедралармен жұмыс жүргізе отырып, студенттерді мамандыққа сәйкес түрлі мекемелер мен кәсіпорындарда, ғылыми- зерттеу институттарында, мектептер мен денсаулықсақтау

мекемелерінде дипломалды, өндірістік тәжірибелерден өткізуді ұйымдастырып, келісімшарт түзу жұмыстары жүргізіледі.

**Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық
білім беру факультетінің басшылығы**

	ФАКУЛЬТЕТ ДЕКАНЫ Жагипарова Жанар Амангельдиновна М.Ғ.К ЖООКМББ факультеті, кабинет №2 +7-776-737-46-65 zhanar.zhagiparova@ayu.edu.kz
	Академиялық мәселелер жөніндегі декан орынбасары Идаят Малика Ғалымжан қызы, магистр ЖООКМББ факультеті, кабинет №105 +7 771-632-70-77 malika.idayat@ayu.edu.kz
	Әлеуметтік мәселелер жөнінде декан орынбасары Тойметов Бобомурод Бегмуратович ЖООКМББ факультеті, кабинет №105 +7 775-337-45-60 bobomurod.toimetov@ayu.edu.kz

КАФЕДРА МЕНҒЕРУШІЛЕРІ

Қызметі	Ғылыми дәрежесі және атағы	Аты-жөні	Қабылдау телефоны
Неврология, психиатрия, наркология	М.ғ.к., доцент	Абасова Гаухар Бегалиевна	+7 701 750 50 08
Жұқпалы аурулар және физиатрия кафедрасы	М.ғ.д., доцент	Утепбергенова Гульмира Алкенова	+7 701 382 07 23
Акушерия-гинекология кафедрасы	М.ғ.к., доцент	Бегимбекова Лазат Мыктыбековна	+7 771 886 06 32
Жалпы дәрігерлік практика № 1 кафедрасы	М.ғ.к.	Шапамбаев Нассридин Зайтович	+7 701 711 36 18
Жалпы дәрігерлік практика № 2 кафедрасы	М.ғ.д., доцент	Дауреханов Асатай Маметович	+7 701 333 33 07
Ішкі аурулар кафедрасы	М.ғ.к.	Аманбаева Бақыт Қалбергенова	+7 701 335 26 21
Хирургия, анестезиология және реанимация кафедрасы	М.ғ.к.,қауым астырылған профессор	Муканова Улжан Абилбековна	+7 777 098 00 75
Арнайы хирургиялық пәндер кафедрасы	PhD	Ерназаров Адилет Азреталиевич	+7 702 962 78 81
Профилактикалық медицина және стоматологиялық пәндер кафедрасы	Магистр аға оқытушы	Тасбулатов Нургелди Кенжебаевич	+7 705 492 17 76

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ

Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру факультеті денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары негізінде білім береді.

Факультеттің негізгі мақсаты – оқытудың инновациялық әдістерін қолдана отырып, заманауи талаптарға сай практикалық денсаулық сақтау мамандарын сапалы дайындау.

Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру факультеті интернатурада «Жалпы медицина» және «Стоматология» мамандықтары бойынша және 31 резидентураның білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады.

Факультет жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары аясында заманауи сұраныстарға жауап бере алатын жоғарғы білікті медицина саласының мамандарын даярлайды. Кафедралардың оқу, тәрбие және ғылыми жұмыстарына басшылық жасайды. Білім беру бағдарламаларының, оқу жоспарларының, пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларының әзірленуін және тәжірибеде қолдануын қадағалайды. Факультеттің құрамына енетін кафедралардың оқу, тәрбие және ғылыми жұмыстарына басшылық жасайды. Білім алушылар үшін мамандық ерекшеліктеріне сәйкес жасақталған интерактивті дәрісханалар, электронды кітапхана, оқу залы, компьютер кабинеттері жұмыс істейді және факультеттің оқу клиникалық базалары Шымкент қаласында орналасқан медициналық мекемелермен қамтылған.

Профессор-оқытушы құрамы жаңа заман талабына сай мамандар даярлап, халықаралық деңгейде білім беру үшін медицинадағы инновациялық технологияларды қолданып, аянбай еңбек етуде. Жалпы 174 профессор-оқытушы құрамы бар, 11 ғылым докторы, 6 PhD доктор, 57 ғылым кандидаты, 20 магистр өз білімдерін, интерндерге, резиденттерге білім беруде тынымсыз еңбек етуде, (дәрежелі профессорлар-оқытушы- 40%).

Факультетіміздің ерекшеліктеріне байланысты мынадай құндылықтарға назар аударылады:

- Клиникалық диагнозды тұжырымдай отырып, емдеу жоспарын тағайындау;
- Медициналық көмектің барлық деңгейлерінде дәлелді тәжірибе негізінде оның тиімділігін бағалай алу;
- Тәуекелдерді бағалай білу және медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін ең тиімді әдістерді қолдана білу.

РЕЗИДЕНТУРА БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Резидентураның білім беру бағдарламасы практика мен теорияның интеграциясына кепілдік береді, тапсырмаларды орындауға және халыққа медициналық көмек көрсетуге негізделген оқытудың мақсаттары мен нәтижелерін айқындай отырып, резидент-дәрігердің мазмұнын, дайындығының дәйектілігін және жауапкершілігін қамтиды.

Жалпы білім берудің мақсаттары:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ медициналық білім беру саласындағы педагогикалық стратегиясы — адамдардың денсаулығын жақсартуға және медициналық тәжірибедегі, зерттеулердегі және білім берудегі инновациялар арқылы өркендеуіне жағдай жасау;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ ЖОО кейінгі медициналық білім беру факультетінің білім беру бағдарламасы медициналық білім берудің бірегей континуумындағы негізгі құзыреттіліктердің біріктірілген шиыршықты дамуына негізделген: базалық медициналық білім беру, интернатура, резидентура, магистратура, докторантура және үздіксіз кәсіби даму; Медициналық ғылыми басылымдар тасқынында дәрігерлерді бағытынан жаңылмауға үйрету және дәрігерлерді кәсіби қызметінің өн бойында үздіксіз үйренуге ынталандыру;

Жалпы білім берудің міндеттері:

Оқу қағидалары жедел ғылыми-техникалық ілгерілеу мен ақпараттық жүктемелердің өсуі жағдайларындағы дербес дамудың құндылықтарына негізделген, өмір бойындағы үздіксіз оқуға бағыттау;

Бағалау дербес даму кезіндегі құзыреттіліктерді меңгеру нәтижелерін бағалауға бағытталған және білім, дағды, қарым-қатынас, мінез-құлықтың біріктірілген бағасын құрау;

Қажетті құзіреттер деңгейін меңгеру нәтижесін, оқытудың соңғы нәтижелеріне жетуді, білім беру мен бағалау әдістерін үнемі мониторинг жасап отыруды арнайы Комитеттердің бақылап отыруына негіздеу: Білім беру бағдарламалары комитеті, Білім беру мен бағалау әдістері комитеті.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- 1) Пациентке жетекшілік жасау: медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде дәлелді практика негізінде клиникалық диагнозды тұжырымдауға, емдеу жоспарын тағайындауға және оның тиімділігін бағалауға қабілетті;
- 2) Коммуникация және коллаборация: пациент үшін үздік нәтижелерге қол жеткізу мақсатында пациентпен, оның айналасымен, денсаулық сақтау мамандарымен тиімді өзара іс-қимыл жасауға қабілетті;
- 3) Қауіпсіздік және сапа: медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бағалауға және неғұрлым тиімді әдістерді пайдалануға қабілетті;
- 4) Қоғамдық денсаулық сақтау: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастыру саласы шеңберінде өз мамандығы бойынша әрекет етуге, төтенше жағдайларда базалық көмек көрсетуге, ұлт денсаулығын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін кәсіби емес командалар құрамында жұмыс істеуге қабілетті;
- 5) Зерттеулер: барабар зерттеу мәселелерін тұжырымдауға, кәсіби әдебиетті сыни бағалауға, өзінің күнделікті қызметінде халықаралық дерекқорларды тиімді пайдалануға, зерттеу командасының жұмысына қатысуға қабілетті;
- 6) Оқыту және дамыту: өз бетінше оқуға және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқытуға, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың өзге де нысандарына белсенді қатысуға қабілетті.

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ

	Қызмет түрі	Оқу кезеңі	Апта
2024-2025 оқу жылы	Бағыт-бағдар беру / Пәнге тіркелу/ Қайта пәнге тіркелу	26 – 31 тамыз 2024 жыл	1 апта
	30-тамыз	ҚР-ның Конституциясы күні	
	Теориялық оқу	02 қыркүйек 2024 жыл – 05 шілде 2025 жыл	44 апта
	25-қазан	Республика күні	
	16-желтоқсан	Тәуелсіздік күні	
	1,2-қаңтар	Жаңа жыл	
	8-наурыз	Халықаралық әйелдер күні	
	21, 22, 23 наурыз	Наурыз мейрамы	
	Пәнге тіркелу	14–19 сәуір 2025 жыл	1 апта
	1-мамыр	Қазақстан халқының бірлігі күні	
	7-мамыр	Отан Қорғаушылар күні	
	9-мамыр	Жеңіс күні	
	Аралық аттестаттау (1-4 курс)	Резидентура білім беру бағдарламалары бойынша сабақ кестесіне сәйкес цикл пән аяқталғаннан кейін аралық бақылау қойылып, білім алушы аттестатталады.	
	Жылдық аттестация (оқуын жалғастырушылар үшін 3-курс)	07 – 17 шілде 2025 жыл	1 апта
	Демалыс (оқуын жалғастырушылар үшін 3-курс)	14 шілде – 31 тамыз 2025 жыл	7 апта
	Демалыс (1,2-курс ББ үшін)	07 шілде – 31 тамыз 2025жыл	8 апта
	Қорытынды аттестаттау (бітіруші ББ үшін)	07–19 шілде 2025 жыл	2 апта
	6-шілде	Астана күні	

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

Атаулар	Анықтамалар
Академиялық еркіндік	білім беру үрдісінің субъектілеріне оларды таңдау бойынша жиынтық пәндерден, оқытудың қосымша түрлерінен білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы;
Академиялық демалыс	университетте күндізгі оқу нысанында оқитын білім алушы негізді себептермен (денсаулық жағдайына, соның ішінде жүктілік және бала тууына, отбасы жағдайына, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына шақырылуына байланысты, табиғи апат салдарынан) оқуын уақытша тоқтататын уақыт кезеңі;
Академиялық кезең (Term)	семестр және триместр сияқты екі нысанның біреуін ЖЖОКБҰ өзі белгілейтін теориялық оқу кезеңі;
Академиялық күнтізбе (Academic Calendar)	оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі
Академиялық сағат (Academic hour)	оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өтілген оқу материалын жоспарлау мен есепке алуда, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есептеу кезінде пайдаланылады;
Академиялық адалдық	білім алушының жазбаша жұмыстарды орындау (эссе, жоба қорғау), емтихандағы жауап, зерттеулердегі, өз ұстанымын көрсету, академиялық қызметкерлермен, оқытушылар мен өзге білім алушылармен өзара қарым-қатынас, сондай –ақ бағалау барысындағы адалдығын айқындайтын құндылықтар мен ұстанымдардың жиынтығы;
Апелляция (Appeal)	аралық және қорытынды аттестаттаудан өту кезінде білімді бағалауға қатысты даулы мәселелерді қарастыру рәсім
Апелляциялық	университеттің барлық білім беру

комиссия	бағдарламаларындағы білім алушылардың (тыңдаушылар, бакалавриат, интернатура, резидентура, магистратура және PhD докторантура) аралық және қорытынды аттестаттаудан өту кезінде білімді бағалауға қатысты даулы мәселелерді қарастыратын комиссия.
<i>Академиялық деңгей</i>	қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша, тиісті оқу бағдарламаларын меңгерген білім алушыларға білім беру ұйымдары тағайындайтын дәреже;
Білім алушылардың білімін аттестаттау	білім алушыларды аралық аттестаттау –білім алушылардың бір оқу сабағының, бір оқу пәнінің және (немесе) модульдің, сондай-ақ бір біліктілік шеңберінде кәсіптік модульдердің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын оларды зерделеп бітіргеннен кейінгі меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім; білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination) –жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модулдерінің көлемін және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың игеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім;
Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылау	- білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау (апталық бағалау) –академиялық кезең ішінде, кестеге сәйкес оқытушылар өткізетін аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда білім алушылардың білімін, икемділігі мен дағдыларын жекелеген тақырыптар, бөлімдер, модульдер бойынша кәсіптік оқу бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде тексеру; - аралық бақылау –бір академиялық кезең ішінде бір оқу пәні шеңберінде екі рет (теориялық оқытудың 7-ші және 15-ші апталарында) өткізіледі және 100 балдық шкала бойынша қойылатын 1 (PK1) аралық бақылау және 2 (PK2) аралық бақылау балдары түрінде қойылады. Әрбір аралық бақылау бойынша бағалау білім алушының бағаланатын кезеңде алған ағымдағы бағаларынан құралады. PK1 (PK2) үшін ең жоғары балл 100 балл. Рұқсат беру рейтингісінің бағасы жинақтаушы сипатқа ие және үлгерімнің ағымдық бақылауының бағалары мен аралық бақылаудың бағасынан құралады (семестр бойы 2 аралық бақылау). I-аралық бақылау (Блок 1) –Академиялық

	күнтізбеге сәйкес, академиялық мерзімнің 7-аптасында (семестр), 5-аптасында (триместр), 4-аптасында (квартал) оқытушының тарапынан білім алушының оқудағы жетістіктерін қорытындылап, бағалау;
Аттестация	II-аралық бақылау (Блок 2) –Академиялық күнтізбеге сәйкес, академиялық мерзімнің 15-аптасында (семестр), 10-аптасында (триместр), 8-аптасында (квартал) оқытушының тарапынан білім алушының оқудағы жетістіктерін қорытындылап, бағалау жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін резидент-дәрігер жеке жұмыс жоспарын орындау және кезеңдік құзыреттерді игеру мәніне аттестаттаудан өтеді. Резидентура тыңдаушысын жыл сайынғы аттестаттаудан өткізу рәсімін оқу орны дербес айқындайды;
Жеке оқу жоспары	білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен студенттің әр оқу жылына арнап өзі құрастыратын оқу жоспары
Жұмыс оқу жоспары	білім беру бағдарламасы және студенттердің жеке оқу жоспарлары негізінде ЖОО дербес әзірлейтін оқу құжаты
Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average – GPA)	білім алушының таңдаған бағдарлама бойынша белгілі бір оқу кезеңі ішінде қол жеткізген білім деңгейінің орташа өлшемді бағасы (осы оқу кезеңі ішіндегі кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттау бағалары балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттердің жалпы сомасының қатынасы);
Үлгілік оқу бағдарламасы	үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі –ҮОБ) –Заңның 5-бабының 5-2) тармақшасына сәйкес оқу мазмұнын, көлемін, ұсынылатын әдебиетті анықтайтын білім беру бағдарламасының міндетті компонентіндегі пәннің оқу құжаты
Цифрлық контент	контент–оқу материалдарын ақпараттық (мәтіндер, графикалар мультимедиалар және басқа да маңызды толықтырулар) толықтыру;
Пәндер бағдарламасы (Syllabus)	оқитын пәннің сипаттамасын, мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, оның үйренуі тақырыбы мен ұзақтығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, кеңес беру уақытын, білім алушылардың білімін тексеру кестесін, оқытушы талаптарын, бағалау өлшемдерін қамтитын оқу бағдарламасы және әдебиеттер тізімі;
Постреквизиттер (Postrequisite)	зерделеу үшін қажет етілетін білімдер, іскерліктер, дағдылар және осы пәнді зерделеу аяқталған соң

<i>Препреквизиттер (Prerequisite)</i>	игерілетін құзыреттер қажет етілетін пәндер (модульдер) және оқу жұмысының басқа түрлері; оқылатын және (немесе) модульдер және зерделенетін пәнді игеру үшін қажетті білім, икемділіктер мен дағдыларды қамтитын пәндер;
<i>Транскрипт (Transcript)</i>	кредиттері мен бағалары көрсетілген тиісті кезеңде өтілген пәндердің тізбесі мен оқу жұмысының басқа түрлерінен құралған құжат
<i>Эдвайзер (Advisor)</i>	тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгерінің қызметін атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы;
<i>Элективтік пәндер (Elective Courses)</i>	белгіленген кредит шеңберінде және білім беру ұйымы енгізетін таңдау бойынша, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін әлеуметтік-экономикалық дамытудың ерекшеліктерін және нақты өңірдің, жоғары оқу орындарында ғылыми мектеп пайда болатын қажеттіліктерін есепке алатын компонентке кіретін оқу пәндері;
<i>Тәлімгер (клиникалық жетекші)</i>	Резиденттердің кәсіптік құзыреттер шеңберінде практикалық дағдыларын дамыту үшін резидентура базаларында жұмыс істейтін, бірінші немесе жоғары біліктілік санаты (тиісті мамандық бойынша кемінде 5 жыл өтілі) бар практикалық денсаулық сақтаудың білікті мамандарының қатарынан тағайындалған қызметін білім берудің, ғылым мен практиканың үш тұғырлығы негізінде жүзеге асыратын медицина қызметкері;
<i>Медициналық білім беру</i> бағдарламалары	білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау – білім алушылардың білім беру бағдарламаларын меңгеру сапасын және оқыту кезеңіне сәйкес білімнің, іскерліктің және дағдының қалыптасуын бағалау
<i>Резидентура</i>	клиникалық мамандықтар бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі жоғары медициналық білім алу нысаны
<i>Резидентура базасы</i>	базасында уәкілетті орган белгілеген тәртіппен резидентура бағдарламалары іске асырылатын медициналық ұйым ретінде аккредиттелген денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымының клиникасы, университеттік аурухана, ұлттық орталық, ғылыми орталық немесе ғылыми-зерттеу институты;
<i>Резидент-дәрігер</i>	резидентураның білім беру бағдарламасы

шеңберінде білім алатын және тәлімгердің қадағалауымен медициналық ұйымда жұмыс істейтін дәрігер

**Резидентураның
білім беру
бағдарламасы**

практика мен теорияның интеграциясына кепілдік береді, тапсырмаларды орындауға және халыққа медициналық көмек көрсетуге негізделген оқытудың мақсаттары мен нәтижелерін айқындай отырып, резидент-дәрігердің мазмұнын, дайындығының дәйектілігін және жауапкершілігін қамтиды. Медициналық қызметтерді дайындау мен ұсынудың интеграциясы, бір жағынан, резидент-дәрігердің тиісті медициналық көмек көрсетуін, екінші жағынан, оқу мүмкіндіктері қызметтік функцияларға негізделген

Білім алушылардың білімін бағалау үшін балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі және ECTS бағаларына аудару ережелері қолданылады:

А бағасы 4 баллға, 95-100%, «өте жақсы» бағасына сәйкес келеді;

А -бағасы 3,67 баллға, 90 - 94%, «өте жақсы» бағасына сәйкес келеді;

В+ бағасы 3,33 баллға, 85-89 %, «жақсы» бағасына сәйкес келеді;

В бағасы 3,0 баллға, 80- 84%, «жақсы» бағасына сәйкес келеді;

В-бағасы 2,67 баллға, 75 - 79%, «жақсы» бағасына сәйкес келеді;

С+ бағасы 2,33 баллға, 70 -74%, «жақсы» бағасына сәйкес келеді;

С- бағасы 2,0 баллға, 65-69%, «қанағаттанарлық» бағасына сәйкескеледі;

С - бағасы 1,67 баллға, 60 -64%, «қанағаттанарлық» бағасына сәйкескеледі;

Д+ бағасы 1,33 баллға, 55-59%, «қанағаттанарлық» бағасына сәйкескеледі;

Д бағасы 1,0 баллға, 50 -54%, «қанағаттанарлық» бағасына сәйкескеледі;

FX бағасы 0,5 баллға, 25-49%, «қанағаттанарлықсыз» бағасына сәйкес келеді.

F бағасы 0 баллға, 0-24%, «қанағаттанарлықсыз» бағасына сәйкес келеді.

Пән бойынша білім алушының қорытынды бағасы академиялық мерзім барысында ағымдық бақылау және аралық аттестаттаудың ұпайларын жинақтау жолымен құралады. Пән бойынша аралық аттестаттаудың аяқталуының міндетті талабына емтихан бойынша оң баға алу жатады (50-ден аз емес). Семестрдің ағымдағы үлгерімінің жоғары бағасы пән бойынша білімді қорытынды бағалаудың 60%-ын құрайды және емтиханның жоғары бағасы білімді қорытынды бағалаудың 40%-ын құрайды. Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау және аралық аттестаттау. Білім алушының білім беру бағдарламасы деңгейінде және жеке модульдер немесе оқу пәні деңгейінде айқындалған құзыреттермен оқыту нәтижелерін бағалау Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау,аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ереже талаптарына сәйкес жүргізіледі.Білім

алушының ағымдағы оқудағы жетістіктерін тексеру үшін бақылаудың келесі түрлері мен формалары қарастырылған:

- ағымдағы бақылау;
- аралық бақылау (блок);

Білім алушылардың ағымдық үлгерімі, сабаққа қатысуы, өзіндік жұмыстарының уақтылы және толық орындалғаны аралық бақылаудың нәтижесіне әсер етеді. Аралық бақылау университеттің Плотонус жүйесіндегі электрондық журналда академиялық күнтізбедегі бекітілген апталардың соңында ағымдық\ апталық бақылау, сабаққа қатысу көрсеткіші және БӨЖ бағаларының үлес салмақтары негізінде автоматты түрде қойылады. Бағасын көтеру мақсатында аралық бақылау нәтижесін өзгертуге жол берілмейді. Білім алушы дәлелді себептермен (денсаулық, отбасылық және қызметтік жағдайларға байланысты) сабаққа уақтылы қатыса алмаған жағдайда, дәрігерлік анықтама немесе ресми құжат негізінде оған тапсырмаларды өтеуге уақыт беру туралы шешім қабылдануы мүмкін. Ағымдық бақылау нәтижелерін білім алушылар өздерінің электрондық журналдарында университеттің автоматтандырылған жүйесінен көре алады. І-ші және ІІ-ші ағымдық бақылаудың орташа нәтижесі 50 ұпайға жеткен жағдайда білім алушы емтиханға жіберіледі. Пән бойынша қорытынды бағаны санау үшін білім алушы екі аралық бақылаудың нәтижесі бойынша және емтихандық (қорытынды) бақылау бойынша оң бағалар алуы қажет. Қорытынды бағаны санау мына формула бойынша жүргізіледі: Қорытынды баға = $(AB1+AB2)/2 \times 0,6 + ҚБ \times 0,4$

Білім алушыларды аралық аттестаттау академиялық күнтізбеге, оқу жұмыс жоспарына және оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Егер білім алушы қойылған бағаның дұрыс емес екеніне сенімді болса, онда ол апелляциялық комиссиясының төрағасына өтініш жазуына болады. Өтініш емтихан нәтижелері шыққаннан кейін бір жұмыс күні ішінде қарастырылады. Білім алушы бірінші және екінші аралық бақылаулар бойынша 50 балдан кем емес балл жинап, емтиханға дәлелді себептермен (науқас болған жағдайда Ахмет Ясауи атындағы клиника -диагностикалық орталықпен расталған медициналық анықтама) келмеген жағдайда оған тіркеуші офис қызметкерімен «I» («Incomplete») бағасы қойылады. «I» бағасын алу үшін білім алушы емтиханға келмеу себепін көрсетіп, ем қабылдау мерзімі біткеннен кейін екі күн ішінде (48 сағат) сала бойынша вице-ректордың атына өтініш жазады және өтінішке себепті жағдайларды растау құжаттарының түпнұсқаларын тіркейді, факультет деканының, академиялық департамент директоры және жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығы басшысының визаларын қойдырады

Аттесттация

Жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін резидент-дәрігер жеке жұмыс жоспарын орындау және кезеңдік құзыреттерді игеру мәніне аттестаттаудан өтеді. Аттестаттаудың мақсаты – жеке жұмыс жоспарының алдын ала орындалуын бақылау, білім алушының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу, бітіру жұмыстарын, жарияланымдар жоспарын уақытында орындау мақсатында жүреді. Деканат өз өкімімен факультет оқытушыларының қатарынан факультет кадрларын даярлаудың барлық бағыттары бойынша резиденттерді

аттестаттаудан өткізетін комиссияны құрайды. Комиссия құрамында даярлау бағыттары бойынша бітіруші кафедралардың оқытушылары болуы тиіс. Аттестаттау комиссиясының сандық құрамы кемінде 5 (бес) адамнан және комиссия хатшысынан тұрады. Курстан курсқа ауысу балын жинаған білім алушыларға деканның атынан университет ректорының атына курстан курсқа ауысулары туралы ұсыныс беріледі. Оқу жылы аяқталғаннан кейін аралық аттестаттау қорытындылары негізінде университет ректорының бұйрығымен дәрігер-резиденттерді курстан курсқа ауыстыру жүзеге асырылады. Осы мақсатта ауысу баллы анықталады.

1 курстан 2 курсқа көшу балы 2,65

2 курстан 3 курсқа көшу балы 2,65

3 курстан 4 курсқа көшу балы 2,75

Білімгердің GPA (орташа балл) есептеу әдістемесі. GPA - бұл білімгердің орташа балл бойынша үлгерімінің бағасы. Білімгердің академиялық үлгерімінің бағасының орташа балы оның танымдық және шығармашылық белсенділігін ынталандыруы, оқу үрдісін жоспарлауға, оның нәтижелілігінің жекеше талдауын жасауға мүмкіндік береді. GPA (*Grade Point Average*) бағалары – бұл «А», «В», «С», «D» және «F», сонымен қатар «+» және «-» белгілерімен белгіленеді.

Білімгердің таңдап алған оқу бағдарламасы бойынша академиялық үлгерімінің деңгейі орташа балл - GPA түрінде бағаланады, ол пән бойынша қорытынды баға мен кредит көбейтулерінің қосындысының (сандық түрде) оқудың ағымдық кезеңіндегі кредиттер қосындысына қатынасы.

GPA келесі теңдеу арқылы есептелінеді:

$$GPA = \frac{E_1 k_1 + E_2 k_2 + \dots + E_n k_n}{(k_1 + k_2 + \dots + k_n)}$$

мұнда $E_1, E_2, \dots, E_n$ (1,2,... n) – пәндердің сандық түрдегі қорытынды бағасы;

$k_1, k_2, \dots, k_n$ (1,2,... n) – пәннің кредиті.

GPA балын есептеудің мысалы:

Пән	Кредит саны	Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық эквивалент
1. пән 1	3	A	4,0
2. пән 2	3	B+	3,33
3. пән 3	2	B-	2,67

Пән 1 $4,0 \times 3 = 12$

Пән 2 $3,33 \times 3 = 9,99$

Пән 3 $2,67 \times 2 = 5,34$

Туындылардың қосындысы $= 12 + 9,99 + 5,37 = 27,33$

Кредиттің жалпы саны $= 3 + 3 + 2 = 8$

GPA = Туындылардың қосындысы/кредиттің жалпы саны = 27,33/8 = **3,42**

GPA бағасы семестр қорытындылары, жыл қорытындылары немесе бүкіл оқу мерзімі қорытындысы бойынша есептелінсе болады.

Жеке оқу жоспарының талаптарын орындамаған, белгіленген ауысу балын жинай алмаған дәрігер-резиденттер жазғы семестрден өтпей, қайта оқу жылына қалдырылады. Қайта оқу жылы ақылы негізде ұйымдастырылады.

Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі бір оқу жылы ішінде кемінде 70 академиялық кредитке (2100 академиялық сағат) сәйкес келеді. Бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа тең. Оқу жылында аралық аттестаттаумен (немесе бітіру курсына қорытынды аттестаттаумен) аяқталатын екі академиялық кезең көзделеді. Бітіруші курсты қоспағанда, білім алушыларға жалпы ұзақтығы кемінде 7 аптаны құрайтын демалыс беріледі.

Қорытында аттестация

Қорытынды аттестаттауға жеке оқу жоспарының талаптарына сәйкес білім беру процесін аяқтаған дәрігер-резиденттер жіберіледі. Оқу бағдарламасын аяқтаған резидент-дәрігер қорытынды аттестаттауға жіберіледі. Қорытынды аттестаттаудың мақсаты резидентура бағдарламасы аяқталғаннан кейін қол жеткізілген оқыту нәтижелерін және құзыреттілікті бағалау болып табылады.

Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау қорытынды аттестаттау құрылымына кіреді, "Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің және денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 бұйрығымен бекітілген түлектердің кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Қорытынды аттестаттаудың мақсаты резидентураның білім беру бағдарламасын оқуды аяқтағаннан кейін түлектердің кәсіптік даярлығын бағалау болып табылады. Денсаулық саласындағы білім беру бағдарламаларының түлектерін қорытынды аттестаттаудың оң нәтижелері білім туралы куәлік пен денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатын алуға құқық береді.

Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау қағидалары "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 223-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді және денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау жүргізу тәртібін айқындайды.

Қорытынды аттестаттау екі кезеңде жүргізіледі:

Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің кәсіби даярлығын бағалау екі кезеңнен тұрады:

- 1) білімді бағалау;
- 2) дағдыларды бағалау.

Кәсіптік даярлықты бағалау түлектің таңдаған тілінде (қазақ, орыс немесе ағылшын) жүргізіледі.

1-кезең – Түлектердің білімін бағалау тест сұрақтарының көмегімен

автоматтандырылған компьютерлік тестілеу арқылы жүргізіледі;

2-кезең – Стандартталған немесе шынайы науқастарды қолдана отырып (келсімі бойынша) мини-клиникалық емтихан әдісімен тиісті мамандық бойынша практикалық дағдыларын аттестаттау.

Қорытынды аттестаттауды өткізу үшін резидентура мамандықтары бойынша біліктілік комиссиясы құрылады. Біліктілік комиссиясына кемінде бес мүше кіреді. Медициналық білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамына денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган аккредиттеген білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалауды жүзеге асыратын ұйымдардың өкілдері кіреді.

Жеке оқу жоспарының талаптарын орындамаған бітіруші курс резиденті жазғы семестрді аяқтамай оқудың екінші жылында қалады. Қайталама оқу жылы ақылы негізде ұйымдастырылады.

Оқыту нәтижелері резидентураның барлық білім беру бағдарламасының деңгейінде де, жеке модульдер немесе оқу пәні деңгейінде де тұжырымдалады.

Резидентураның білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан табысты өткен адамдарға резидентураның тиісті мамандығы бойынша "дәрігер" біліктілігі беріледі және резидентураны бітіргені туралы куәлік тегін беріледі. Резидентураны бітіргендігі туралы куәлікті университет береді, оған біліктілік комиссиясының төрағасы, ректор немесе ол уәкілеттік берген адам қол қояды.

Резидентура тыңдаушысының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар кәсіби стандарттың және резидентураның білім беру бағдарламасының талаптарымен айқындалады.

Талап етілетін GPA балын жинап келесі курсқа көшірілген білім алушы академиялық қарызы болған жағдайда оқу пәндерін тек ақылы түрде ғана қайта оқи алады.

Оқудың қайталау курсына қалдырылған білім беру грантының иегері болған білім алушы білім беру грантынан айрылады да, ары қарай оқуды тек ақылы түрде жалғастыра алады.

Білім беру грантының иегері болған білім алушы GPA-ның көшіру балын жинағанда және келесі курсқа академиялық қарызбен көшірілгенде білім алушы білім беру грантынан айрылмайды. Мұндай жағдайда олар қарызы бар оқу пәнін тек ақылы түрде қайта оқи алады және олардан емтихан тапсырады. Мамандықтар кестесіндегі бір кредиттің бағасын қаржылық-экономикалық жұмыстар жөніндегі департаменті анықтайды.

Шпаргалканы (қағаз немесе электронды түрде, телефон байланысы арқылы) қолданған жағдайда пән бойынша қорытынды бақылауда бағасы «F» қойылады.

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫ УНИВЕРСИТЕТТЕ КЕЛІСІМ ШАРТ НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖЕҢІЛДІКТЕР МЕН ШЕГЕРІМДЕР ЖҮЙЕСІ

Университетте ақылы негізде оқитын білім алушыларға әр оқу жылында 2 рет бас қосатын комиссия отырысында барлық академиялық кезеңде қанағаттанарлықсыз бағасы жоқ GPA 3,0 ден кем емес соңғы акаддемиялық кезеңде D, D+, C-, C бағалары болмаған кезде

- тұл жетімге 100% -ға дейін;
- әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыдан шыққандарға 15% -ға дейін;
- белсенді студенттер мен ғылымда, спортта және өнерде ұлттық және халықаралық сайыстарда жүлделерге қол жеткізген талантты білім алушыларға әлеуметтік қолдау мақсатында 50% дан 100% дейін факультет деканының ұсынысы негізінде келсім-шартта көрсетілген соммадан аз төлеу құқысы бар және өз өтініштерінің негізінде жатақхана төлемақысына жеңілдіктерді қарастырып, күнделікті екі мезгіл тамақтануға және ақылы негізде қабылданған білім алушыларға оқу-төлемақысына берілетін жеңілдіктер ережесі негізінде оқу төлемақысына жеңілдіктер жасалады және босаған квота орындарына конкурс негізінде ауыса алады.

Оқу үздіктеріне жеңілдік беру туралы

Соңғы академиялық кезеңнің қорытындысы бойынша GPA-сы тек 4,0-ге тең (А) тек өте жақсы ақылы негізде оқитын білім алушы келсім-шартта көрсетілген соммадан 25 % -ға аз төлеу құқысы бар.

Соңғы академиялық кезеңнің қорытындысы бойынша GPA-сы тек 3,67-тен тең (А, А-) тек өте жақсы ақылы негізде оқитын білім алушы келсім-шартта көрсетілген соммадан 15 % -ға аз төлеу құқысы бар.

Білім алушыны оқудан шығару, академиялық демалыс беру

Білім алушы университеттен келесі жағдайларда оқудан шығарылады:

- академиялық үлгермеушілігі;
- академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін;
- университеттің Жарғысы мен ішкі тәртібін өрескел бұзғандығы үшін;
- білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде ақылы негіздегі оқу құнын төлемеген жағдайда;
- академиялық демалыс мерзімі біткеннен кейін немесе шетелдік іс
- сапардан соң екі аптадан артық мерзімге сабаққа қатыспағаны үшін;
- басқа оқу орнына ауысуына байланысты;
- басқа ЖЖОКБҰ-нан ауысып келген білім алушы жеке іс-құжатын белгіленген мерзімде тапсырмаған жағдайда;
- білім алушы қайтыс болған жағдайда, сондай-ақ сот шешімі бойынша хабар-ошарсыз кетті деп танылғанда;
- университетпен байланысын үзгендігі үшін;
- өз еркімен.

Академиялық демалыс

- университетте резиденттер медициналық айғақтар бойынша және өзге де ерекше жағдайларда өз оқуын уақытша тоқтата тұратын кезең.

Академиялық демалысты рәсімдеу үшін білім алушы университет ректорының атына өтініш береді және құжаттарды тапсырады

Білім алушыға академиялық демалыс төмендегі жағдайларда беріледі:

- сырқатына байланысты ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейін амбулаториялық
- емханалық ұйым жанындағы дәрігерлік- консультациялық комиссияның (бұдан әрі—ДКК) қорытындысы бар (университет амбулаториясымен рәсімделген);
- ұзақтығы 36 айдан аспайтын туберкулезбен ауырған жағдайда туберкулезге қарсы медициналық ұйымның Орталықтандырылған

дәрігерлік-консультациялық комиссияның (бұдан әрі-ОДКК) қорытындысы бар;

- әскери қызметке шақыру туралы қағаз негізінде;

- босанған, бала асырап алған жағдайда (3 жасқа дейінгі).

Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері.

Білім алушы төменде аталғандарға құқылы:

1) ҚР МЖБС сәйкес сапалы білім алуға;

2) БББ сәйкес элективті пәндерді өз еркімен таңдауға;

3) Университеттің ғылыми-зерттеу қызметіне қатысуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ақпараттық ресурстарды, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен құралдарды пайдалануға;

5) Кітапхана мен оқу залына еркін кіріп, оларда бар оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттер қорын, кітапхананы, интернет-ресурстарды еркін пайдалануға;

6) Республикалық бюджеттен мемлекеттік гранты бойынша оқуға қабылданған жағдайда ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес стипендия алуға;

7) Академиялық күнтізбеге сәйкес жыл сайынғы демалысқа баруға;

8) ҚР заңнамасына сәйкес академиялық демалысқа шығуға және білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен оқуға қайта қабылдануға;

9) Білім алушылар кеңесі мен Түлектер қауымдастығының жұмысына, олардың қызметін реттейтін тиісті нормативтік құжаттарды әзірлеуге қатысуға;

10) Өз пікірі мен нанымдарын еркін білдіруге;

11) Өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне және қорғалуына;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына және университеттің ішкі актілеріне сәйкес өзге де құқықтарды иеленеді.

Резидент міндеті:

1) жеке жұмыс жоспарын орындауға;

2) бағдарламада көзделген емтихандардан, аралық аттестаттаудан, тиісті пәндер бойынша қорытынды аттестаттаудан өтуге;

3) орындалған жұмыс туралы толық есеп беру;

4) клиникалық тәлімгердің басшылығымен науқасты жүргізу тактикасын, оны зерттеп-қарау жоспарын айқындайды.

5) пациенттермен жұмыс жасауда клиникалық тәлімгердің (тиісті мамандық бойынша денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты бар маманның) басшылығымен жедел, алғашқы медициналық-санитариялық, мамандандырылған медициналық көмек, медициналық оңалту көрсету;

6) клиникалық бақылау мен зерттеп-қарау, анамнез жинау, клиникалық-зертханалық және аспаптық зерттеулер деректері негізінде диагнозды тәлімгердің басшылығымен белгілейді (растайды).;

7) клиникалық тәлімгердің бақылауымен емдеуді тағайындайды және бақылайды, қажетті диагностикалық, терапиялық, оңалту және профилактикалық рәсімдері мен іс-шараларды жүргізеді;

8) пациентті емдеу әдістері мен тәсілдерін, сондай-ақ пайдаланылатын құралдар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды таңдау мүмкіндігі туралы хабардар етеді.;

9) науқасты күнделікті қарауға стационарда;

10) диагностикалық және емдік шаралардың дұрыс жүргізілуін, құрал-саймандарды, аппаратураларды пайдалануды бақылайды.

10) клиникалық тәлімгердің бақылауымен пациенттің жағдайына байланысты емдеу жоспарына өзгерістер енгізуге және қосымша тексеру әдістерінің қажеттілігін анықтауға;

11) өз жұмысын жоспарлауға және олардың нәтижелік көрсеткіштерін талдауға;

12) емдеу, оңалту саласындағы басқа мамандармен және қызметтермен ынтымақтастықта болады;

10) диагностикалық және емдеу процедураларының, аспаптардың, жабдықтардың жұмысының дұрыстығын бақылау;

11) өз жұмысын жоспарлауға және олардың нәтижелік көрсеткіштерін талдауға;

12) емдеу, оңалту мәселелері бойынша басқа мамандармен және қызметтермен ынтымақтастық жасайды;

13) бағынысты орта және кіші медициналық персоналдың жұмысын ұйымдастырады және бақылайды;

14) медициналық құжаттаманы есепке алу мен есептілікті жүргізуге;

15) медициналық әдепті, ішкі еңбек ережелерін, өрт қауіпсіздігі мен қауіпсіздігін, санитарлық-эпидемиологиялық режимді сақтауға;

16) халыққа сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырады және жүргізеді және салауатты өмір салтын насихаттайды.

17) университет ұсынған ақпараттық техникалық құралдарды тиімді пайдалануға, материалдарды, электр энергиясын және басқа да материалдық ресурстарды үнемді және тиімді пайдалануға; университет мүлкіне ұқыпты қарау, жатақханада оқу және өмір сүру үшін қалыпты жағдайлар жасауға қатысу;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасына және университеттің ішкі актілеріне сәйкес өзге де міндеттер жүктейді.

19) университетті оқуды ұйымдастыруға қажетті құжаттармен уақтылы қамтамасыз етуге;

9.3 Ерекше қажеттіліктері бар білім алушы:

9.3.1 Ерекше білім беруге мұқтаж білім алушыларға 9.1 және 9.2. тармақшада аталған барлық құқықтар мен міндеттер қолданылады.

9.3.2 Шетелдік білім алушы азаматтарға 9.1 және 9.2. бөлімшелерде көрсетілген барлық құқықтар мен міндеттер қолданылады. Университетте шетелдік резиденттер оқыту үшін тиісті бекітілген ережемен реттеледі.

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ «БІРЫҢҒАЙ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН» ЖҮЙЕСІ

Білім порталы инновациялық жобасының іске қосылуы студенттердің, ата-аналардың емтихандар кестесін, рейтинг нәтижесін және аттестаттауды көруіне толық мүмкіндік береді. Ахмет Ясауи университетінде оқу үдерісін басқаруға мүмкіндік беретін ақпараттық инфрақұрылым «Бірыңғай автоматтандырылған» жүйе жұмыс жасайды. «Бірыңғай автоматтандырылған» жүйе студенттерге, оқытушыларға, әдіскерлерге, оқу

және әдістемелік бөлімдерге, басшылыққа кіруге болады.

Бұл жүйеде студент мынадай мүмкіндіктерге ие:

- жаңалықтар мен хабарландыруларды көру;
- элективті пәндер каталогына кіру;
- мамандықтың оқу жоспарын көру;
- пәндердің оқу-әдістемелік материалдарына кіру;
- ағымдық және қорытынды аттестацияны көру;
- эдвайзер және оқытушылар туралы ақпаратты көру;
- әр оқу жылына GPA балын көру және т.б.

Сонымен қатар резиденттердің ата-аналары өз балаларының оқудағы үлгерімін бақылай алады. Резиденттердің кез келген уақытта оқу ғимараттарында орналасқан Ақпараттық киосктерден өздеріне қажетті мәліметті көріп біледі.

Тіркеуші офісі студентті тіркеумен, резидентті оқу пәндеріне қайта тіркеумен, студенттің жеке оқу жоспарын бақылаумен, резиденттердің аралық және қорытынды бақылау өткізумен, резиденттің академиялық үлгерімін жазып сақтау және ұйымдастыру жұмыстарымен айналысады.

СТУДЕНТТИК ӨМІР

Жоғары оқу орнында оқыған немесе оқитын әрбір білім алушы биография беттерінде ең жарық, қызықты кезеңдері өтеді. Жастық шаққа толы әрекеттің асқан қайратымен, қызу қаныққан өмірімен, білімдерін жинақтап және әлемдегі жетістікке жетуге ұмтылады.

Білім алушы көптеген жетістіктерге жету үшін біздің университетте оларға барлық жағдай жасалған. Ахмет Ясауи университетіндегі білім алушылардың өзін-өзі басқаруы – бұл өз бетінше қоғамға айрықша мән беріп, алдына қойған мақсаттары мен міндеттерінің ұжымдық қызметтерінде жүзеге асуына ат салысады. Студенттің өзін-өзі басқаруын ұйымдастыру академиялық топ деңгейінде және факультетте құрылады.

Спорттық сауықтыру кешені. Университетімізде жастарды салауатты да, дені сау етіп тәрбиелеу жұмысы жүйелі жүргізіледі. Студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастыруы үшін спорт клуб бөлімінде 13 спорттық секция



жұмыс істейді, оған 669 студент қатысады. Олармен 5 аға бапкер оның ішінде екеуі ҚРЕСЖ, 4 бапкер және 3 спорт нұсқаушылары жаттығу жұмыстарын жүргізеді. Студенттер арасында факультетаралық спартакиада әр семестр сайын ұйымдастырылады.

«Ұлт денсаулығы – табысты болашағымыздың негізі» атты оқытушы-профессорлар мен қызметкерлер арасындағы дәстүрлі спартакиадада оқу жылында 2 рет ұйымдастырылады.

Кафедрадағы үйірме мен клубтар. Факультет кафедраларында үйірме мен клубтар мүдделеріне қарай құрылған:

- Ғылыми – кәсіптік,
- Саяси- қоғамдық,
- Мәдени- бұқаралық,
- Тілдік.

Білім алушылар кафедрадағы кез келген үйірмеге немесе клубқа эдвайзерлер арқылы жазыла алады. Университетте студенттер үшін құрылған: Тәрбие кеңесі, Мәдениет орталығы, Продюсерлік орталығы, Жастар ұйымы, Спортклуб, жатақхана дирекциясы, деканаттар, өнер үйірмелері, студенттік клубтар, студенттік ректорат, студенттік театр, студенттер Альянсы, Жас отан, студенттік деканат, спорт үйірмелері жұмыс атқарады.



Қазақстандық патриотизм – көп ұлтты халқымызды бір мақсатқа топтастырып отырған ерекше құбылыс. Осы тұрғыда университетте Тәрбие кеңесі «Патриоттық тәрбие беру моделін іске асыру түрлері мен құралдары» атты бағдарлама жұмыс атқарып келеді. Жас ұрпақтың тәрбиесіне қойылатын жаңа заман талабы – ол өз Отанын, елін құрметтейтін, өзін-өзі жетілдіру арқылы өмірлік мақсаттарына жете алатын, адамгершілік құндылықтарды қастерлейтін тұлғаны қалыптастыру үшін тәрбие үдерісін ұйымдастыруды кешенді түрде қарайды. Университеттің тәрбие және ұйымдастыру бағыты бойынша жұмыс атқаратын барлық бөлімдердің, факультеттердің, топ тәлімгерлерінің атқаратын тәрбие жұмыстары сапалы әрі патриоттық тәрбие беру бағыты бойынша Жастар саясаты саласында әлеуметтік-саяси, экономикалық, этносаралық байланысты дұрыс қалыптастыру және мемлекеттік саясатты түсіндіруге бағытталған іс-шараларды өткізу кеңінен қамтылған.



Продюсерлік орталық. Университетімізде мереке күндердегі іс-шаралардың өткізілуі және талантты студенттерді өнерге баулып жарыққа шығару - негізгі мақсат. Университетіміздің Мәдениет орталығында өткізіліп жатқан мерекелік бағдарламалардың барлығы осы орталықтың сараптамасынан өткізіліп сахнаға шығарылады.

Жатақхана дирекциясы. Университетіміздің студенттері жатақханамен қамтамасыз етіледі және жатақханадағы мәдени іс-шараларды жоспар бойынша атқарады. Жатақхана дирекциясы Студенттік ректоратпен тығыз

қарым қатынаста жұмыс жасайды. Студенттік ректоратта Жатақхана проректоры бар.

Жастар ұйымы және Студенттік ректорат. Жастар ұйымы - мемлекеттік жастар саясатын жүргізе отырып, студенттердің оқу-тәрбие, шығармашылық және қоғамдық жұмыстарымен айналысады. Ұйымның негізгі мақсаты - жастардың қоғамдық өмірге белсенділікпен араласуы, қоғамның жастар туралы көңілге қонымды, объективті пікірінің қалыптасуын қамтамасыз ету. Сонымен қатар, жастардың лидерлік қабілеттерін арттыру бағытында жұмыс жасайды. Жастар ұйымында төраға және маман қызмет атқарады.

Студенттік ректорат - студенттердің өзін-өзі басқару жүйесі негізінде құрылып, барлық факультеттердегі студенттердің арасынан белсенді болып, сайлау арқылы өз факультет студенттерінің қолдауына ие болған студенттердің бірлестігі. Студенттік ректорат Тәрбие кеңесінің барлық құрылымдарымен бірлесе отырып жұмыс атқарады.

